

ДЛЯ УРЕГУЛИРОВАНИЯ ВОПРОСОВ ЛОГИСТИКИ ПЕРЕВОЗОК КАЗАХСТАНСКИХ ГРУЗОВ МИНИСТЕРСТВОМ ИНДУСТРИИ И ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ РК И АО «НК «ҚТЖ» ПРИНИМАЮТСЯ МЕРЫ ПО РЕШЕНИЮ ПРОБЛЕМ С ТРАНСПОРТИРОВКОЙ. ТАК, ПРОРАБАТЫВАЕТСЯ ВОЗМОЖНОСТЬ ПЕРЕОРИЕНТАЦИИ ГРУЗОВ, НАХОДЯЩИХСЯ НА ТЕРРИТОРИИ РОССИИ, НА ЛАТВИЙСКИЕ ПОРТЫ РИГА И ВЕНСПИЛС.

Ерлан АБСАТОВ,  
генеральный директор Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS»



№18 (2733)  
15/03/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## ТҮРКІМЕНСТАН – ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: құрлықтық контейнерлік пойыз жолға шықты

**Жуырда Қазақстан аумағы арқылы Түркіменстанның Ақайла станциясынан Қытайдың Цзиньхуа станциясына 40 футтық 42 контейнерден тұратын бірінші құрлықтық контейнерлік пойыздың транзиттік жөнелтілімі ұйымдастырылды.**

 **Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Гипс тиелген контейнерлік пойызды Түркіменстаннан Қазақстан аумағы арқылы жөнелтуді «КТЗ Express» АҚ және «Түркіменстанның көлік-логистикалық орталығы» ААҚ бірлесіп жүзеге асыруда. Түркіменстан мен Қазақстан бойынша пойыз бағдарының ұзындығы 4150 км құраса, соның 3450 шақырымы Қазақстан аумағына тиесілі болып отыр. Яғни, маршруттың 80 пайызға жуығы Қазақстан темір жолы

арқылы өтеді. Қазіргі таңда алғашқы құрлықтық контейнерлік пойыз Болашақ мемлекетаралық шекаралық станциясы арқылы Қазақстан аумағына келді, енді ол Алтынкөл-Қорғас өткелі арқылы Қытайға, одан әрі қарай Цзиньхуа станциясына жөнелтілмек.

«KTZ Express» АҚ-ның «KTZE-Батыс» филиалының жұмыла жүргізген сауатты жұмысының арқасында құрлықтық контейнерлік пойыз Болашақ станциясында сәтті қабылданып, оның еліміздің аумағы арқылы еш кедергісіз жүріп өтуі жоғары деңгейде ұйымдастырылып

отыр. Мамандардың айтуынша, пойыздың Қазақстан темір жолы арқылы жүрісі бес күнді құрайды. Экономикалық тұрғыдан өте тиімді бұл бағдарды пайдалану Түркіменстан мен Қазақстанның теміржол әкімшіліктерінің ынтымақтастығын дамытуға ықпал етері сөзсіз. «KTZ Express» АҚ мамандары келешекте осы бағдар арқылы контейнерлік жүк ағынын ұлғайту және де көліктік-логистикалық нарықтың жаңа қатысушыларын тарта отырып, контейнерлік пойыздың тұрақты қатынасын ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В КАЗАХСТАНЕ ВПЕРВЫЕ  
ОРГАНИЗОВАНА ПЕРЕВОЗКА

**3 000** тонн

УГОЛЬНОГО КОКСА  
В КОНТЕЙНЕРАХ ТИПА  
OPEN TOP

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ  
ПО КАЗАХСТАНУ БУДЕТ  
ВЫПОЛНЕН УСИЛЕННЫЙ  
СРЕДНИЙ РЕМОНТ

**70** км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПУТЕЙ

ОПЕРАТИВНАЯ ИТОГОВАЯ  
ПРИБЫЛЬ АО «НК «ҚТЖ»  
ЗА 2021 ГОД СОСТАВИЛА

**120** млрд  
ТЕНГЕ

### Сервис

## С «АЛТЫН» ВЫГОДНЕЕ

**АО «Пассажирские перевозки» предлагает воспользоваться дисконтной картой «Алтын».**

 **Асель ШАЙХЫНОВА**  
Нұр-Сұлтан

В рамках пилотного проекта программы лояльности с 14 марта в продажу запущена данная дисконтная карта. Она рассчитана для проезда со скидкой 25% на пассажирских поездах «Тальго» и в стандартных вагонах. Для этого пассажирам необходимо приобрести карту за 19 999 тенге в билетных кассах АО «Пассажирские перевозки» и воспользоваться услугой в течение года.

Использовать карту можно при онлайн/офлайн покупке билетов. Она является персональной и оформляется пассажирам от 15 лет и старше. В связи с тем, что проект является пилотным, количество карт ограничено. Дополнительную информацию можно получить при оформлении и покупке карты.

Продажа проездных документов (билетов) осуществляется исключительно по одному



скидочному тарифному условию и не может быть суммирована при других льготах. Также национальный перевозчик просит пассажиров-льготников при оформлении и покупке железнодорожных билетов быть внимательнее и правильно выбрать категорию: «льготы» или «скидки».



**Серік АХМЕТОВ,**  
Құрық портының  
бас директоры:

«БІЗДІҢ ЕСЕПТЕУІМІЗ  
БОЙЫНША, ПОРТ  
ҚҰРЫЛҒАЛЫ БЕРІ  
ТҮСІРІП ТИЕЛГЕН ЖҮК  
КӨЛЕМІН БІР ЖЫЛДА  
ЖӨНЕЛТУ МҮМКІНДІ-  
ГІ БАР. СОНДЫҚТАН  
ҚҰРЫҚ ПОРТЫ –  
ЕВРОФУР ТАСЫМАЛЫ  
ҮШІН ҮЛКЕН ТРАНЗИТ-  
ТІК ХАБ ЕКЕНІН АТАП  
ӨТУ КЕРЕК»

### ГРУЗЫ НАХОДЯТ ВЫХОД



Более двух тысяч направляющихся в Казахстан контейнеров простаивают на территории Китая. В ближайшее время вопрос будет решен, пообещали в Национальной палате предпринимателей «Атамекен».

По словам директора департамента логистики и перевозок НПП «Атамекен» Мурата Амрина, в ходе переговоров с АО «НК «ҚТЖ» и железных дорог КНР, китайская сторона заверила о содействии в скорейшей отправке казахстанских контейнеров. К ускорению процесса уже подключились МИИР и МИД.

Напомним, из-за ограничений, связанных с пандемией, на границе с Китаем отечественные грузы простаивают уже более полугода. Около сотни предпринимателей несут убытки. очередной логистический коллапс может возникнуть и из-за санкций в отношении России. Пока никаких ограничений нет, грузопотоки свободно передвигаются по территории соседнего государства. Но альтернативные маршруты в «Атамекен» уже разработали. Один из них – Транскаспийский маршрут.

Так, в ходе очередного заседания оперативного штаба по антикризисным мерам при Правительстве РК министр индустрии и инфраструктурного развития Каирбек Ускенбаев отметил, что вопрос развития ТМТМ находится на постоянном контроле ведомства.

– На 2022 год утвержденный объем перевозок по маршруту составляет более 30 тысяч ДФЭ. При этом, с учетом текущей ситуации, возможно увеличение объема в два раза. Казахстанскими экспортерами в текущем году на ТМТМ с других маршрутов планируется перенаправить до двух миллионов тонн грузов, среди которых нефтепродукты, металлопродукция и уголь, с перспективой увеличения до четырех миллионов тонн, – сообщил он.

В целом, по словам министра, по маршрутам ТМТМ (Ақтау/Құрық – Баку – Батуми/Поти – Варна/Бургас (Болгария) или Констанца (Румыния) и Ақтау/Құрық – Баку – ж/д маршрут Баку – Тбилиси – Карс – порты Турции) имеется возможность перевозки до 10 миллионов тонн, в том числе до 200 тысяч контейнеров.

Айлин БАУРЖАН

### БІЛІМІН КӨТЕРДІ



«Қамқор Менеджмент» компаниялар тобының сарапшылары энергоменеджмент және энергоаудит саласы бойынша оқудан өтті.

«Энергия тиімділігін анықтау, көміртексіздендіру және озық қолжетімді технологиялар тұрғысынан Қазақстанның энергия сыйымдылығы салаларының инвестициялық әлеуетін анықтау және дамыту» жобасы шеңберінде Дүниежүзілік Банктің қолдауымен «Қамқор Менеджмент» ЕТҚ сарапшыларына менеджмент мен энергия аудиті саласы бойынша оқыту курсы ұйымдастырылды.

Жобаның басты мақсаты – парниктік газ қалдықтарының жоғары көрсеткіштерімен «ерекшеленген» Қазақстандағы ірі саланың бірі теміржолдың энергия көзін қаншалықты тиімді пайдаланатынын көрсету және осы білімді қазіргі мәселелерді шешуде қолдану, сондай-ақ, ақпараттағы үзілістерді жою болып отыр.

Құзыреттілікті арттыру нәтижесінде кәсіпорын жұмысшылары энергия және ресурсты үнемдеу саласындағы озық технологиялармен танысып, сонымен қатар оны кәсіпорындарда қолдану мүмкіндігіне ие болмақ. Training Rina Consulting SPA (Италия), Integration GmBN (Германия) және Energy Partner LLP (Қазақстан) шетелдік сарапшылары өткізді.

Нұрбек БЕКЕН

## ОҢТАЙЛЫ ЛОГИСТИКА ҰСЫНЫЛЫП ОТЫР



**Ресей мен Украина арасында болып жатқан текетірес соғыс Қазақстанға да кері әсерін тигізуде. Әсіресе, жүк тасымалында логистикалық қиындықтардың туындап отырған жайы бар. Осыған байланысты қазақстандық экспорттаушыларға жүктерін еліміздің теңіз порттары арқылы және одан әрі Транскаспий халықаралық көлік бағытымен жөнелту мүмкіндігін пайдалану ұсынылуда.**

 **Ислам ТАЛҒАТ,**  
Нұр-Сұлтан

Жүргізілген келіссөздердің қорытындысында «Арселор Миттал Теміртау» АҚ 50 мың тоннаға жуық металл өнімін Ақтау портына қайта бағдарлап, әрі қарай Әзербайжан мен Грузия арқылы жөнелтуге дайын екенін білдірді. Қа-

зақстан теңіз порттарының жалпы өткізу қабілеті жылына 23,7 млн тоннаны құрайды екен. Атап айтқанда, Ақтау порты – 14,7 млн тонна (мұнай – 9,5 млн, құрғақ жүктер – 2,5 млн, астық – 0,7 млн, паромдық жүктер – 2 млн тонна); Құрық порты – 6 млн тонна (теміржол терминалы – 4 млн, авто-терминал – 2 млн); Ақтау солтүстік

теңіз терминалы – 3 млн тонна (құрғақ жүктер мен астық 1,5 млн тоннадан) жүк өткізе алады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта еліміздің теңіз порттарына 18 млн тоннаға дейін жүкті қайта бағдарлауға және бір уақытта жүктердің белгілі бір көлемін сақтауға болады. Оның ішінде, Ақтау порты – 2,5 мың контейнер,

25 мың тонна астық, 220 мың бас жүк; Құрық порты – 250 жүк көлігін; Ақтау солтүстік теңіз терминалы – 6 мың контейнер, 60 мың тонна астық, 170 мың тонна басты жүкті сақтау мүмкіндігі бар.

Жүк экспорттаушыларға қосымша ақпарат алу үшін «жедел желі» телефондары ашылған. Ақтау порты бойынша коммерциялық жұмыс бөлімінің +7 (7292) 44 51 27; маркетинг және сату бөлімінің: +7 (7292) 44 51 51 телефондарына, ал Құрық порты бойынша маркетинг және сату бөлімінің +7 705 169 04 44, +7 776 025 77 77 телефондарына хабарласуға болады. Ал Ақтау солтүстік теңіз терминалы бойынша экспедициялау қызметінің +7 (7292) 20 38 78 (1024); көлік-экспедиторлық қызметінің +7 (7292) 20 38 78 (1028) және маркетинг бөлімінің +7 (7292) 20 38 78 (1042) телефондары егжей-тегжейлі ақпарат беруге дайын.

## ДЕРЕКТЕР АЗАЙДЫ ДЕГЕНМЕН...

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау



ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ

Маңғыстаулық теміржолшылардың малдың жолға шығуына қарсы жасап жатқан әрекеті нәтиже беруде. Өткен жылмен салыстырғанда төрт түліктің жолға шығу деректері сәл де болса азая бастаған.



Өткен қаңтар-ақпан айларында Маңғыстау жол дистанциясы аумағында пойыз машинистері малды баспас үшін 11 рет шұғыл тежегіш қолданған. Былтыр бұл мерзімде 17 оқыс тежеу тіркелген. Биыл 4, ал былтыр 6 ірі қара малды пойыз басқан.

Теміржолшылар мен желілік полиция өкілдерінің жедел әрекет етуі нәтижесінде басылған төрт малдың да иесі табылып, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 30-тарау 559-бабы 1-бөлігіне сәйкес ескерту берілген. Бұл аталған деректер 11-12 және 12-13 Ақбөбек бекеті мен Бопай станциясы аралықтарында орын алған.

– Теміржолға мал шығуының қауіптілігінен бөлек оның экономикалық зияны да бар. Мәселен, осы жылы оқыс тежеулер салдарынан 0,55 т жағармай артық шығындалды. Жол қозғалысына кедергі келтіруі өз алдына. Дистанция мамандары өткен екі ай ішінде 204 мал иесімен кездесіп, ауыл тұрғындарына теміржол бойына мал бағудың қауіптілігі түсіндірілді. Желілік полиция өкілдерімен бірлесе ауыл мектептерінде де кездесулер өтті. Маңғыстау, Қаракия, Мұнайлы аудандарының әкімдіктеріне жеке шаруашылық, шаруа қожалығы иелеріне түсінік жүргізу, бақташы ұстау туралы екі рет хат жолданды. Малға қарсы қоршауды көбейту үшін ірі қараның көп жайылатын, қыстаудан жайлауға, жайлаудан қыстауға көшетін жерлерін анықтау туралы сұраныс берілді, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Ержан Артықбаев.

Дистанция маманы, сондай-ақ, биыл 70 шақырым малға қарсы қоршау тұрғызу жоспарланып отырғанын жеткізді. Қоршау 11-12 және 14-15 бекеттер аралықтарына салынатын көрінеді.

Суретті түсірген автор

## АҚАУ ТАБУ – ЕРЛІК ЕМЕС, МІНДЕТ!

Жансая СЫДЫҚБАЙ,  
Шымкент



ҚАУІПСІЗДІК

Қауіп-қатері мол теміржол саласында ақауды дер кезінде анықтап, апаттың алдын алу ерлікпен пара-пар саналады. Жүк пойызсы межелі жерге аман-есен жеткенше жол-жөнекей жылжымалы құрамның жай-күйін бақылауда ұстайтын вагон қараушылар еңбегі, расымен, ерен.



Өткен жылдың 1 қарашасынан 1 наурызға дейін жалғасқан «Бүйірлік раманы бақылау» айлығы аясында Арыс вагон пайдалану депосының алты бірдей вагон қараушысы ақау тауып, талай апаттың алдын алды. Соның бірі Бақтияр Мамарасудов өз кәсібіне адалдығымен танылып, жыл соңында марапатқа ие болды. Ол кезекті бір ауысымда жүк құрамының бидай тиелген вагонынан бүйір рамасы жарықшағын тапқан. Тексере келе ұзындығы 31 мм жарықшақ қозғалысқа үлкен қауіп төндіретіні анықталды. Кім біледі, вагон қараушы дер кезінде анықтамаса, Жамбылдағы жағдайдың тағы да қайталанбасына ешкім кепілдік бере алмас еді...

Осы салада 25 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Бақтияр Мамарасудовтың әкесі Пулат кезінде мықты теміржолшы болған екен. Сондай әкенің тәлім-тәрбиесін алған Бақтияр үшін теміржолда қауіпсіздіктен асқан қиындау ұғым жоқ. Сонымен қатар, ол ақау табу қиын емес, тек қырағылық пен жіті бақылау қажет деп санайды. «Ақау табу – ерлік емес, ол менің күнделікті атқаратын жұмысым мен міндетім» дейді.

Айта кетейік, айлық аясында Арыс вагон пайдалану депосы 5140 вагонды жөндеп шыққан.

Суретті түсірген автор

## ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕНДЕР



СЕРВИС

Райхан РАХМЕТОВА,  
Нұр-Сұлтан

Депода ТҚК-2 қызметі барлық локомотивтерге жаппай көрсетіледі. Бір ауысымда 10-12 слесарь жұмыс істейді. Цехтың аға шебері Мейіржан Бапаевтың айтуынша, олардың басты міндеті – тепловоздардың жүріс бөлігін, тежегіш жүйесін, тартпа қозғалтқыштарын, көмекші агрегаттарын, трансформаторын және электр аппараттарын қарап, тексеру, егер ұсақ-түйек ақау анықталса, сол жерде жөндеп жібереді. Яғни, косметикалық жеңіл-желпі, сонымен қатар негізгі жүріс бөліктердің күтімін жасау болмақ.

Қаз-қатар тізілген тепловоздар мен электровоздарды мұнда тексеріп қараудың шектеулі уақыты бар. Мәселен, бір электровозды қарауға 1 сағат 20 минут беріледі, тепловоз 1 сағатта қаралады. Аға шебер Мейіржан бізді арнайы шұңқыр үстінде тұрған тепловозға алып барып, оның астында да, үстінде де, тіпті ішінде де слесарьлардың қызу жұмысын жасап жатқанын көрсетті.

– Бізде барлығы 4 ауысым бар, сонда жалпы 48 адам жұмыс істейді. Слесарьлар өз қызмет саласына қарай бірнеше циклға бөлінеді. Мәселен, аппарат жөндеуші, автомат жөндеуші, аккумулятор жөндеуші, жүріс бөлшегін жөндеуші, асты-үстің қарайтын механиктер, мотористер, төбе жөндеуші, қранды тексеруші деген сияқты түрлі саладағы слесарьлар әр ауысымда таңғы 9.00-ден кешкі 21.00-ге дейін және одан әрі таңға дейін бөлініп жұмыс атқарады. Егер осы визуалды қарау кезінде ақау табылса, акт жазылып, «Қамқор локомотивке» жөндеуге

Локомотив шаруашылығында тепловоздарды тексеру мен техникалық қызмет көрсетудің бірнеше түрі бар. Соның ішінде ТҚК-2 сервистік қызметтің орны бөлек. Астана локомотив пайдалану депосында бұл қызметті тәжірибелі слесарьлар атқарады.



жібереміз, – дейді М.Бапаев.

Цехқа кірген бетте қолқаны қапқан шаң мен майдың иісі болмаса, барлық жерде тазалық пен тәртіп сақталған. Иіс – локомотивтерде жиі ауыстырылатын май мен құмның салдары екені белгілі. Бастарына каска, қолдарына қолғап және басқа да арнайы киімдерін киіп жұмыс істеп жатқан жұмысшылар үшін мұның бәрі қалыпты жағдай екені көрініп тұр, тепловоздардан жұққан майға да, иіске де қарамай өз жұмыстарын мұқият атқарып жатыр. Ауысым шебері Марат Нұрмағамбетовтің айтуынша, олар зиянды еңбек жағдайына байланысты берілетін сүт өнімдерін алады, емдеу-сауықтыру орындарына жолдама беріледі.

– Әр жүк электровозы 36-48 сағат сайын осы тексеруден өтіп тұруы керек. Ал жолаушылар электровозы қанша жүргеніне қарамастан, жиі тексеруден өтеді. Маневрлік тепловоздар аптасына бір рет қаралады. Олардың майының деңгейін қараймыз, тежегіш бұғауын ауыстырамыз, керек болса құмын салып береміз. Толық тексеруден өткен соң тепловоздарға арнайы штамп қоямыз, сервис сапасы слесарьлар біліктілігіне сын болғандықтан, біздің жігіттер жұмысты тыңғылықты атқарып үйренген, оның үстіне мұндағы слесарьлардың дені – 30-40 жыл тәжірибесі бар нағыз темірден түйін түйгендер, – дейді ауысым шебері.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ЭЛЕКТРОВОЗ МАШИНИСІ



КӘСІБІ-НӘСІБІ

Жан ПЕРДЕБЕК,  
Арыс

Оның айтуынша, машинист болудың қиындығы өз алдына, жүйкеге түсетін салмақ, денсаулыққа зияны да бар. Неге десеніз, электровоз – 27 мың вольт ток көзі қосылу тұрған сымдардың ортасында жүреді.

Қуатбек Мықтыбекұлы бұл салаға орта жолдан қосылмаған. Оның атасы, әкесі, ағалары, қысқасы, әулеттің бәрі түгел дерлік теміржолшылар. Атакәсіпке айналғалы қашан.

– Осы жиырма бес жылда қанша мың км жол жүргенімізді кім санапты, жақсыны да, жаманды да көрдік, қауіп пен қатер де қатар жүреді. Талай рет мал басып, тіпті адам басып кеткен жағдайлар да кездесті. Мал қағып кеткен кезде пойызды шұғыл тежеп, жолдан алып тастаймыз. Содан соң

артымызда келе жатқан өзге машинистерге рациямен хабарлап кетеміз. Кейде жол үстіне бөгде зат қойып кететін қасқұнемдер болады. Бірде сондай затты көмекшіміз екеуміз алып тастауға шамамыз келмей жақын маңда жүрген жолшыларды көмекке шақырдық, – дейді машинист.

Қуатбеков бүгінгі таңда машинистердің жалақысы жақсы көтеріліп жатқанын, ол қиындығы мен қауіп-қатері көп атқарып жатқан еңбектеріне сай екенін айтып өтті.

– Мен үшінші класты машинистпін. Егер Таразға баратын болсақ – 10-11 сапар, оңтүстік Сарыағашқа баратын болсақ 15-17 сапар жасаймын. Осы аралықтағы жолды әрбір қадамына дейін жаттап алғам десем болады, қай жерде жылдамдықты арттыру, қай жерде төмендету – бәрі санада жазулы тұр. Кедір-бұдыр жолдарда электровоздың жылдамдығын азайтамыз, тура жолда



көтереміз. Бұйырса, 57 жаста салалық зейнеткерлікке шығамын деген ойдамын, оған дейін денсаулық жетіп тұрса, еңбек еткенге не жетсін, – дейді кейіпкеріміз.

Машинистің айтуынша, Қазақстанның теміржолдары негізінен сапалы, дегенмен арасында сапасы төмен телімдер де бар, олар жолшылардың күтіміне байланысты. Жақсы күтім болса – қауіпсіз, нашар болса – қауіпті.

Суретті түсірген автор

## ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ АРТҚАН



ТАСЫМАЛ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Дегенмен биылғы жыл басынан бергі көрсеткіштерге сүйенсек, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша цемент өнімін тиеу күрт артып отыр. Оған бірінші кезекте аймақтағы тұрғын үй құрылысының қарқын алуы ықпал етуде. Соның нәтижесінде Суықбұлақ, Жаңа-Семей, Семей станцияларындағы өндіріс барысына қосымша маневрлік тепловоздар тартылууда. Сәйкесінше, вагондармен қамту және бос вагондарды уақытында жинап алу бойынша біршама күрделі жағдай туындаған.

Мәселен, «Семей цемент зауыты» ЖШС үшін Суықбұлақ станциясынан арнайы шикізат тиеу соңғы екі айда күрт қарқын алыпты. Тек бір айдың ішінде



1036 мың тоннадан тұратын 1501 вагонның жүгі тиелген. Бұл – өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда анағұрлым артық көрсеткіш.

Сол тәрізді аталған зауыттың өнімдерін тиеу мен жөнелту бойынша Жаңа-Семей станциясында жоспарлы шаралар қатары қолға алыныпты. Оның себебі межеге

алынған жүк тиеу жұмыстарының белгіленген мөлшерден біршама асып кетуі болып отыр. Осылайша, жаңа-семейліктер бір айдың ішінде жоспарды артығымен орындап, қосымша жүк жөнелтіп жатыр. Есептік көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 3,5 тоннаға артыпты.

– Бұл шаралардың барлығы

өз кезегінде жүк түсіру мен тиеудің техникалық жоспарының артуына оң ықпал етіп отыр. Атап айтар болсақ, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша тек өткен қаңтар айының өзінде ғана жоспар көлемі 123,3 пайызға артып отыр. Бір ғана жүк станциясы бойынша тәулігіне 163 вагонға жүк тиеген мезеттер болды. Мұның өзі жұмыс ауқымының қаншалықты артқанын көрсетеді, – дейді бұл орайда пікір білдірген бөлімшенің техникалық бөлімінің мамандары. Қазіргі таңда әсіресе Жаңа-Семей, Суықбұлақ, Аягөз станциялары бойынша жүк тиеу мен түсіру жұмыстары қарқын алған. Оның ішінде жергілікті зауыттарда өндірілген цемент өнімінің үлесі айтарлықтай өсіп отыр.

Суретті түсірген автор

## ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ: ПРОЦЕССНЫЙ ПОДХОД

По словам аналитиков, в условиях жесткой конкуренции среди многих казахстанских компаний набирают популярность новые методы эффективного ведения бизнеса. Так, один из крупнейших операторов грузового вагонного парка в РК АО «Қазтеміртранс» также идет в ногу со временем и внедряет со-временный тренд управления бизнеса – процессный подход.

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Нур-Султан

Для АО «Қазтеміртранс», имеющего сеть региональных филиалов во всех крупных городах страны и большую базу заказчиков в разных точках мира, такой подход позволит максимально быстро и качественно обслуживать клиентов.

Как отмечают отечественные специалисты, то, что на Западе считается нормой, для местных бизнесменов пока еще новшество. Все говорит про Kaizen, Lean Six Sigma, но как правильно все это внедрять и совершенствоваться каждая компания решает по-своему. По их словам, для достижения эффективности первым делом нужно внедрять именно процессный подход. И только после этого – инструменты бережливого производства. В общем, процессный подход – это ключевой элемент любой системы менеджмента качества, который не только позволяет оптимизировать работу, но и становится основой для автоматизации всей деятельности организации.

– Данный подход позволит, в первую очередь, ориентироваться на результаты процессов, правильности координации действий структурных подразделений в рамках процесса, повысить конкурентоспособность и клиентоориентированность, а также оптимизировать временные и материальные затраты. Кроме того, данный подход помогает увидеть текущий уровень операционной эффективности компании, смоделировать и описать существующие бизнес-процессы, внедрить идеи по их оптимизации с дальнейшей автоматизацией и добиться еще большей эффективности каждого работника, – рассказал менеджер департамента развития АО «Қазтеміртранс» Дәулет Әбдікерім.

Так, понимая необходимость развития, в компании еще в декабре 2020 года начали работу по внедрению процессного подхода.

– Для общего понимания сначала были организованы два тренинга с участием сертифицированного тренера Американской ассоциации качества Нурлана Ибраимова. После этого составлен план действий, разделенный на два основных



этапа. Вся работа проводилась совместно с департаментом HR, – отметил он.

Первый этап включает в себя формирование карт процессов (блок-схем), описание действующих бизнес-процессов и проведение функционального анализа. На сегодняшний день по результатам анализа в центральном аппарате компании ведется 59 бизнес-процессов, 206 подпроцессов, которые описаны и схематизированы. Более того, сформированы справочники должностных инструкций и функций структурных подразделений.

– С целью определения дублирующих и нербочих функций, а также должностных обязанностей, не связанных с функцией структурных подразделений, должностные инструкции привязываются к функциям структурных подразделений. А функции, в свою очередь, привязываются к подпроцессам соответствующих процессов, – делится Дәулет Әбдікерім.

Также каждой должности присвоен уникальный ID-номер. В случае, если работник уволится и на его место придет новый, он через ID будет видеть свои должностные обязанности. Увидит, к каким функциям они привязаны, а функции, в свою очередь, к каким подпроцессам. Кроме того, новый работник будет видеть, с кем и как взаимодействует в разных процессах.

Помимо этого, для повышения эффективности взаимодействия структурных подразде-

лений разработана программа «Внутренний клиент» для взаимной оценки. Ею охвачено более 1 000 взаимодействий. Уже сегодня структурными подразделениями компании на ежемесячной основе проводится оценка друг друга. Это способствует выявлению проблем по оказанию внешних услуг, что, в свою очередь, улучшает работу существующих процессов и влияет на клиентоориентированность. При этом важно, чтобы все работники имели доступ к процессам.

– С этой целью мы разместили все карты процессов и регламенты бизнес-процессов в нашем электронном документообороте, чтобы все работники могли видеть процессы и эффективно обмениваться информацией. На данный момент мы находимся на стадии завершения первого этапа, – говорит Дәулет Әбдікерім.

На втором этапе планируется сформировать основные, большие сквозные бизнес-процессы, назначить владельцев таких процессов из числа топ-менеджеров компании. Также планируется совместно с владельцами бизнес-процессов рассмотреть возможные варианты их оптимизации.

Оптимизация бизнес-процессов будет проходить таким образом, чтобы услуги для клиентов предоставлялись быстрее и с минимальными затратами. По окончании этого этапа будут созданы рабочие инструкции.


*Фото Александра ЖАБЧУКА*



Аналогичная ситуация и на участке Айнабулак – Таурасы, где постоянно ведется наблюдение за рекой Биже, под окном специалистов и река Каратал на участке Уштобе – Кальпе. – Железнодорожники готовы к беспрепятственному пропуску тальных вод, мы круглосуточно держим связь с работниками ДЧС района, так что ситуация под контролем, – говорит начальник отдела пути Алматинского отделения магистральной сети Руслан Нурболат.

*Фото автора*

## ГАРАНТИЯ СОХРАННОСТИ ПУТИ



**Алматинские железнодорожники готовы встретить весенние сюрпризы и дать отпор паводку. В регионе разработаны организационно-технические мероприятия, гарантирующие сохранность пути, искусственных сооружений, земляного полотна.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Для обеспечения безопасного пропуска паводковых вод организациями оперативные штабы, проведенные инструктажи с локомотивными бригадами о действиях в случае обнаружения размывов пути. Надо сказать, что регион заблаговременно подготовился к паводковому периоду. На всех станциях очищены от снега пути и междупутья, обследованы неустойчивые откосы насыпей и выемок. Завершены работы по открытию отверстий малых мостов и труб, очистке кюветов, нагорных и водоотводных канав от снега и льда.

Кроме того, сформированы 5 противоразмывных поездов на станциях Бесколь, Актогай, Айнабулак, Шелек и Алтынколь, в составе которых 5 крытых вагонов с инструментами, инвентарем и материалами, 10 платформ с щебнем и бутовым камнем и 13 с некондиционными железобетонными

шпалами. Подготовлен необходимый запас топлива и смазочных материалов.

Вдоль железнодорожной магистрали Алматинского отделения имеются 74 паводкоопасных места. Для контроля над особо опасными объектами железной дороги на каждой дистанции пути закреплены ответственные работники.

Ведется контроль над уровнем воды в реке Хоргос, регулярно промеряются русла под мостами 19 рек. В этом году на участке Алтынколь – гостраница на реке Хоргос наблюдалось значительное скопление снега, а интенсивное потепление часто усугубляет ситуацию. В ожидании тальных вод специалисты принимают все необходимые действия по укреплению русла реки. Также приняты все меры для сохранности инженерных сооружений, предупреждения деформации земляного полотна. Ведется мониторинг паводковой ситуации, периодически осуществляется обход дорожными мастерами, начальниками участков.

## НЕ ДОПУСКАТЬ РИСКИ



**В Карагандинском эксплуатационном локомотивном депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» (ТЧЭ-14) состоялось совещание, на котором были рассмотрены темы этического поведения руководства по отношению к работникам депо, процедуры приема на работу.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

В ходе совещания начальник ТЧЭ-14 Асан Умбетов отметил, что в отделении принят курс на формирование атмосферы нулевой терпимости к любым коррупционным проявлениям. Так, при направлении на курсы повышения квалификации соблюдается очередность, во время экзаменов присутствует комиссия в составе 5-7 человек, а при приеме на ра-

боту помощников машинистов локомотивов последнее слово остается за представителями НОДГП-4. При этом учитываются профессиональные навыки – ответственность, техническая сноровка, аналитический склад ума, хорошая память, отличное здоровье.

– Что касается переработки часов локомотивными бригадами, то они допускаются только с письменного согласия работников. Руководством НОДГП-4 ежеме-

сячно направляются служебные письма в адрес центрального аппарата о командировании локомотивных бригад из других депо с целью недопущения сверхурочной работы работников ТЧЭ-14, – подчеркнул Асан Умбетов.

Кроме того, создаются комфортные условия для полноценного отдыха сотрудников. Так, между ТОО «Алем-Павлодар» и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» в 2020 году заключен долгосроч-


ный договор о закупке услуг по предоставлению мест отдыха для сотрудников депо.

– В прошлом году представители компании произвели текущий ремонт в доме отдыха на станции Мойынты, – рассказал Асан Умбетов. – В текущем году будут произведены отделочные работы стен, потолков, фасада, проверены отопление и вентиляция, система пожарной сигнализации, в полной мере будут осуществлены электромонтажные, а также работы по тротуарному покрытию из брусчатки, благоустройство и озеленению территории.

Как отметило руководство ТЧЭ-14, анонимные жалобы в социальных сетях появляются регулярно, однако большинство сотрудников коллектива опровергают изложенные факты, касающиеся грубого отношения начальства к подчиненным, приема на работу по принципу кумовства.

## ИЗМЕНИТЬ ПОДХОДЫ

**Любовь РОВБА,**  
Нур-Султан



**Переформатирование профессионального образования в Казахстане обсудили руководители СТК «KAZLOGISTICS» и Академии логистики и транспорта.**

Во время встречи в режиме «онлайн» генеральный директор Союза транспортников Казахстана Ерлан Абсатов и ректор Академии логистики и транспорта Салтанат Амиргалиева обсудили реализацию задач, поставленных Президентом Казахстана в начале этого года, по переформатированию образования в нашей стране, его постановке на технические рельсы и шефства над колледжами.

Ерлан Абсатов проинформировал о приоритетах в деятельности союза, проведении ежегодного Молодежного форума транспортников «KAZLOGISTICS». Салтанат Амиргалиева, в свою очередь, представила историю развития вуза.

Кроме того, участники встречи поговорили о работе коллегиальных органов академии и колледжей, председателей аттестационных комиссий, разработке инновационных, дуальных, междисциплинарных образовательных программ.

– Важно организовать доступ обучающихся, профессорско-преподавательского состава к проведению профессиональных практик и стажировок, – подчеркнула ректор вуза.

## ОПТИМАЛЬНЫЕ РЕШЕНИЯ

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**  
Нур-Султан



**АО «КТЗ Express» организует поставку комплектующих Карагандинского ферросплавного завода «YDD Corporation».**

Так, в этом месяце со станции Ланьчжоу (КНР) организована отправка 26 вагонов с опиковочными машинами и комплектующие части рудотермической печи. Отправка ценного негабаритного груза организована дочерней компанией АО «КТЗ Express» – ООО «Xinjiang KTZ International Logistics Co., LTD».

– KTZ Express предлагает клиентам оптимальные решения по проектной логистике. К примеру, данный сервис по маршруту Ланьчжоу – Караганда уже стал регулярным, и в наших планах систематизировать поставки проектных негабаритных грузов через данный маршрут, – говорит руководитель KTZ Express Нурлан Игембаев.



## ЗЕЛЕНый ПОРТ НА КАСПИИ

**Айлин БАУРЖАН,**  
Нур-Султан



**АО «НК «Актауский морской торговый порт» посетили представители офиса программ ОБСЕ. В ходе визита они ознакомились с реализацией проекта «Развитие зеленых портов и взаимодействие в регионе Каспийского моря».**

По итогам внедрения проекта порту Актау будет присвоен статус EcoPorts и выдано свидетельство о современном обслуживании, соответствующее экологическим параметрам Европейской организации морских портов (ESPO).

EcoPorts – главная экологическая инициатива европейского портового сектора, которая предоставляет портам и портовым терминалам инструменты для создания собственной системы управления окружающей средой на основе руководящих принципов EcoPorts PERS.

Проект имеет важное значение для развития инфраструктуры морских трансконтинентальных грузоперевозок, упрощения таможенных процедур посредством внедрения цифровизации, подготовки и обучения отечественных специалистов

Промежуточным результатом работ по проекту является полученный АО «НК «АМТП» сертификат по направлению «Метод самодиагностики». И сегодня портом предпринимаются важные последующие шаги по процессу сертификации системы экологической экспертизы порта, следуя рекомендациям ОБСЕ.

*Фото автора*

Центральный Совет, Жамбылский филиал АО «Казпрофтранс», первичные профсоюзные организации региона выражают глубокие соболезнования главному бухгалтеру филиала профсоюза отрасли Кормазовой Гульсайран Актаевне в связи с кончиной матери  
**Сулейменовы Розы Рахимжановны**

## Юбилей

Почетного железнодорожника, председателя Совета ветеранов Защитинского узла Кусайна Кожакметова с 70-летним юбилеем поздравили руководители Семейского отделения грузовых перевозок, Семейского отделения магистральной сети, профсоюзный актив, пенсионеры-железнодорожники.



## С ПОЗДРАВЛЕНИЯМИ ВЕТЕРАНУ

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Кусаин Кожакметов проработал на железной дороге 35 лет. Начиная на станции Жангизтобе, а с 1981 года продолжил свою деятельность в Усть-Каменогорске. В разное время работал стрелочником, помощником составителя, составителем, дежурным по станции Защита (ныне Оскемен-1).

Практические навыки Кусайна Кожакметова подкрепили и теоретические знания.

— Я окончил Алматинский техникум железнодорожного транспорта, затем — Казахский университет путей сообщения, — вспоминает ветеран.

До 1994 года был ревизором движения Защитинского отделения дороги (ДНЧ), затем ушел в аппарат РБ. Сейчас это региональные ревизоры департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ». В 1998 году Кусайна Кожакметова опять перевели в ДНЧ. За добросовестный труд,

прекрасное знание своего дела он получил высокую награду — знак «Почетный железнодорожник». Также у Кусайна Каримжановича есть почетные грамоты от руководства АО «НК «ҚТЖ» и бывшего Восточно-Казахстанского отделения дороги.

Активная жизненная позиция не дает ему покоя и на пенсии. С 13 ноября 2020 года он возглавил Совет ветеранов Защитинского узла, в состав которого входят пять активистов. Помимо председателя и его заместителя есть секретарь и те, кто отвечает за общественную жизнь совета.

— Мы посещаем одиноких, малоимущих, больных, не забываем пенсионеров предприятий, которые были давно ликвидированы. Например, это железнодорожный ОРС, МС. У них есть свои председатели советов ветеранов, которые дают нам списки «подопечных». Помогаем им тоже, разносим продуктовые пакеты. Конечно, пока из-за

пандемии у нас нет больших мероприятий, мы не собираемся вместе, — говорит Кусайн Кожакметов.

...70 лет ветерану исполнилось 5 января, но только на днях появилась возможность торжественно поздравить его. Заслуженного пенсионера чествовали директор Семейского отделения грузовых перевозок Съезбек Алишев, директор Семейского отделения магистральной сети Айдын Шаукжанов, его заместитель по Оскеменскому региону Алибек Шуманов, представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева, председатель первичной профсоюзной организации по узлу станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов, руководители железнодорожных предприятий, именитые пенсионеры железной дороги Александр Степула, Тлеугазы Казезов.

И эта память, это уважение — отличная награда за достойный труд.  
*Фото Берикшана ТЛЕУЖАНОВА*

## АЛ, ҚАНЕКЕЙ, ҚЫЗДАР...



**Ұлан ОРАЗ,**  
Нұр-Сұлтан

Арулар байқау шартына сәйкес өзара бақ сынасты. 4 ауысымнан шыққан кезекші қыздар шеберліктерін сыңға салып, өнерлерін паш етті. Өнер болғанда да, негізгі талап қамыр илеу, оны жаю және кесте етіп кесу болды. Яғни, бүгінгі таңда «дайын



асқа тік қасық» болуды қалайтын, үй шаруасына олақ кейбір әйел заты үшін байқау есігі тарс жабылды деуге болады. Дегенмен ұлттық тамақ — ет асып, нанын жабуды бес саусақтай меңгерген ақылына көркі сай қыз-келіншектер де баршылық екен. Вокзал басшылығынан құралған қазылар алқасы сайыскерлердің қамыр илеу мен жаюдағы техникасын әділ бағалап, балл беріп отырды.

Сайыс нәтижесінде қамыр илеу мен жаюдың техникасын шебер меңгерген және шаштай етіп кесте кескен Мадина Малғаздарова есімді өнерлі ару бас жүлдені жеңіп алды. Көзайым Каримова — 1-орын, Аяжан Жанұзақова — 2-орын, Лаура Букашева 3-орын алды. Жүлделеріне орай қыздарға 15-30 мың теңге аралығында сыйақы беріліп, өнерлеріне алғыс айтылды.

*Суретті түсірген автор*

## АҒА БУЫННЫҢ АЙТАРЫ БАР



Жуырда Шымкент көлік колледжінде «Өткеніді білмей, келешегіңді болжай алмайсың» атты танымдық тәрбие сағаты өтті. Оған аймақтағы теміржолшы ардагерлер арнайы шақырылды.



**Жан ПЕРДЕБЕК,**  
Шымкент

Оқу орнының басшылығы мен студенттер қауымы Нұрғали Нұртаев, Майра Омарқызы, Сади Махамбетұлы, Құлахмет Темірбеков, Назира Құрманбекова, т.б. ардагерлерді қарсы алып, аймақ теміржолының кешегі-бүгінгі тарихынан тағлымды әңгімелерін тыңдады. Аға буын теміржолшылар қазақ теміржолын көтеруге атсалысқан тұлғалар жайлы естеліктерімен бөлісіп, олардың еңбектері мен салаға сіңірген үлесін жастарға үлгі етті.

Шымкент теміржолынан 1958-1990 жылдар аралығында төрт бірдей

Социалистік Еңбек Ері шыққан. Бөлімшені әр жылдары басқарған Сырлыбек Байжанов, Көпжан Мұхаметжанов, Әуесхан Салықбаев сынды майталмандармен қатар Арыс станциясының пойыз құрас-тырушысы Әбдуәлі Балғынбеков те Еңбек Ері атанған.

«Шымкент теміржолы Қазақстанда ғана емес, кешегі кеңестер елінің теміржолында жетістікке жеткен бөлімшелердің бірі болды. Бұл жоғарыда аты аталған тарлан теміржолшылардың ерен еңбегі екені талас тудырмайды», — деді

Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне қарасты ғылыми-техникалық ақпарат орталығының меңгерушісі Л.Жаримбетова.

Жиында колледж студенттеріне сала ардагерінің өмірдеректері туралы слайд көрсетіліп, жастар аға буынға өздерін қызықтырған кез келген сауалды қойып, жауабын алды. Ал ардагерлердің, әрине, болашақ теміржолшыларға айтары аз емес екен, дөңгелек үстел басына жиналған қос буын өкілдері тамаша тағлымды басқосу өткізді.

*Суретті түсірген автор*

## Covid-19

## АРҚАНЫ КЕҢГЕ САЛУҒА ЕРТЕ

Соңғы кездегі жағдай бойынша эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес «қызыл» және «сары» аймақтарға жататын өңірлер жоқ. Барлығы «жасыл» аймақта. Дегенмен, Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары арқаны кеңге салуға әлі ерте екенін ескертеді.

Мамандардың сөзіне сүйенсек, коронавирус инфекциясының тіркелуі әлі де тоқтаған жоқ. Аурудың қай мезгілде күрт өсуін болжау да қиын. ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің өткен жылғы 15 қарашадағы COVID-19-ға қарсы халыққа ревакцинация жүргізу туралы қаулысы бойынша былтырғы қараша айынан бастап жүргізіліп жатқаны белгілі. Бүгінгі күнгі ақпарат бойынша, өкінішке орай, вакцинаның 3 дозасын алушылар аз екен. «Сондықтан теміржол мекемелерінің басшылары осыны ескеріп, жұмысшылардың ревакцинация алуына ықпал етеді деп ойлаймыз. Бұл тұрғыда біздің қызметкерлер апталық талдау жасап, осы наурыз айында теміржолшылармен семинар, дөңгелек үстел және кездесулер өткізуді жоспарлауда. Инфекцияны таратпаудың бірден-бір жолы — оның профилактикасы», — дейді Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы Жәния Ешматова.

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

## Спорт

## МҰЗ ОЙЫП, БАЛЫҚ АУЛАДЫ

Семейлік теміржолшылар үшін қыс мезгілінде айналысатын әуесқой спорт түрі — мұз астынан балық аулау. Шығыстағы жұртшылық қыстыгүні Ертіс өзені мен жақын маңдағы су қоймаларында мұз ойып, қармақ салады.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Сондықтан осы спорт түрінен сайыстар да жиі ұйымдастырылады. Биыл да солай болды, карантин талаптары жеңілдетілгендіктен жуырда мұз астынан балық аулау спортынан Шығыс Қазақстан облыстық біріншілігі өтті. Аталған шараға аймақтағы барлық іргелі мекемелерден

арнайы командалар қатысып, өзара бақ сынасты. Байқауға әуесқой балықшылары көп Жаңа-Семей жол дистанциясының теміржолшылары қатысып, бөлімше намысын қорғады.

Семей қаласынан 70 шақырым қашықтықта жатқан әйгілі Шүлбі су қоймасында өткен сайыстың шарты оңай. Байқау екі кезеңнен тұрды. Алғашқысында сапқа тұру, біріншілік талаптарымен

## ОПРЕДЕЛИЛИСЬ ЛИДЕРЫ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение грузовых перевозок» провели спортивные мероприятия, посвященное 16-летию образования военизированной железнодорожной охраны в Костанайском регионе.



Первым из двух видов спорта стали лыжные гонки. Благо, снег в северном регионе еще лежит. Соревнования проходили в упорной борьбе, каждый стремился к победе. В результате среди сильной половины первым пришел к финишу юрисконсульт Костанайского филиала ВЖДО Руслан Кокшувев, среди женщин лидером стала бухгалтер Ирина Литвинова. Обоим победителям вручены грамоты и поощрительные призы с поздравлениями в честь праздника.

Не менее азартными были состязания по волейболу. Здесь соревнования проводились между всеми стрелковыми командами Костанайского филиала военизированной железнодорожной охраны. Довольно долгое время коман-

ды шли ровно. В итоге первое место заняла стрелковая команда станции Арка. Второе у стрелковой команды станции Тобол. Третье место, кстати, не присуждалось. Обладатели первого места получили победный кубок, второго и лучшие игроки турнира — поощрительные денежные призы, дипломы и грамоты.

Как подчеркнул, подводя итоги соревнований, директор Костанайского филиала ВЖДО Олжас Мырзахметов, подобные мероприятия повышают работоспособность и укрепляют дух сотрудников военизированной охраны, чья работа сопряжена с немалым риском.

**Аслан КУДАБАЕВ,** Костанай  
*Фото автора*

## «БРОНЗА» ПО САМБО – У НАС!

Железнодорожник из Атбасара Болатбек Кажаяев стал бронзовым призером международного турнира по самбо среди ветеранов спорта, который прошел на минувшей неделе в Уральске.



Соревнования, посвященные памяти заслуженного тренера КазССР по самбо Батыра Куанышева, собрали 125 участников из разных регионов Казахстана и Башкортостана. В возрастной категории 55-59 лет и весе 88 килограммов третье призовое место завоевал инструктор по спорту Акмолинского филиала ОО «Казпрофтранс» Болатбек Кажаяев. Стоит отметить, что все соперники железнодорожника оказались моложе его на 4 года.

— Быть участником международного турнира для меня большая честь, а тем более — стать его призером. Это непередаваемые эмоции. Все соперники были достойными, сильными. Уральская школа самбо — одна из передовых в Казахстане и прославилась на весь мир, — отметил обладатель «бронзы» Болатбек Кажаяев.

По его мнению, сейчас ветеранское движение самбистов в нашей стране на подъеме. Казахстанские борцы занимают

призовые места на чемпионатах мира, получают почетные звания мастеров спорта международного класса, ответственно занимаются подготовкой.

Сам Болатбек Кажаяев увлекается спортом со школьных лет. Свободное от работы время посвящает самбо, казакша күрес и дзюдо. Он достойно представлял АО «НК «ҚТЖ» на областных и республиканских соревнованиях, поднимаясь на разные ступени пьедестала почета.

— Спорт позволяет долгие годы оставаться активным, укрепляет здоровье и заряжает на новые победы. Хочу поблагодарить руководство АО «НК «ҚТЖ» за всестороннюю поддержку спортсменов-железнодорожников и возможности для развития, — сказал Болатбек Кажаяев.

**Любовь РОВБА**  
*Фото автора*

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**ҚАЗКӨЛІККӘСІП**

**Газет басылатын қалалар:**  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Р. Рахметов, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**  
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосымшам Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шымкент:** Жанаян Сыдықбай 8-707-390-17-18  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Костанай:** Аслан Қудабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдаңа Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубашев 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.